

**Инвестициялық жекешелендіру купондарын беру және оларды инвестициялық жекешелендіру қорларына орналастыру үшін түсетін комиссиялық алымдарды қосылған құн салығынан босату туралы**

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 22 ақпандағы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.07.18. N 2367 жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Инвестициялық жекешелендіру купондарын беру және оларды инвестициялық жекешелендіру қорларына орналастыру үшін азаматтардан түсетін комиссиялық алымдар қосылған құн салығынан босатылсын.
2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына Қазақстан Республикасының "Қосылған құнға салынатын салық туралы" Заңына толықтыру енгізу туралы" Заңының жобасын енгізсін.
3. Осы Жарлықтың Заң күші бар және Қазақстан Республикасының "Қосымша құнға салық салу туралы" Заңына тиісті толықтыру енгізілгенге дейін қолданылады.
4. Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті  
Алматы. 1994 жылғы 22 ақпан  
N 1574

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК